

«Ертіс» ӘКК» АҚ
Директорлар кеңесінің
шешімімен (26.12.2012 ж.
№6 хаттама)
БЕКІТІЛГЕН
Директорлар кеңесінің
шешімімен (14.12.2022 ж.
№26 хаттама)
өзгертулер енгізілген

«Ертіс» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік
қоғамындағы іскерлік этика
Кодексі

Мазмұны:

1. Кодекстің миссиясы
2. Біздің көзқарасымыз
3. Мақсаты
4. Қолдану саласы
5. Нормативтік сілтемелер
6. Терминдер, ұғымдар, қысқартулар
7. Жауапкершілік
8. Кодекстің құндылықтары мен принциптері
9. Іскерлік қатынастардың этикалық нормалары
 - 9.1. Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер
 - 9.2. Мемлекеттік органдар
 - 9.3. Еншілес ұйымдар
 - 9.4. Іскерлік серіктестер
 - 9.5. Қоғам
10. Процесті бақылау
11. Өзгерістер енгізу
12. Кодексті тарату

1. Кодекстің миссиясы

1. «Ертіс» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамындағы (бұдан әрі - Қоғам) іскерлік этика Кодексі (бұдан әрі - Кодекс) Қоғамның дамуы үшін және қызығушылық тудыратын тұлғалармен қарым-қатынас кезінде ҚР заңнамаларына сәйкес этикалық талаптарды стануға негізделген басқарушылық құрал болып табылады.

2. Осы Кодекс оң имидж мен беделді қалыптастыру бағытталған.

2. Біздің көзқарасымыз

3. Осы Кодекс корпоративтік басқару процесінің тиімділігіне ықпал етеді және мүдделі тұлғалармен табысты өзара іс-қимылға жәрдемдеседі.

4. Қоғамда жұмыс істеу Қоғам басшылығы тарапынан ерекше сенімнің көрінісі және қызметкерлердің адамгершілігі мен моральдық-этикалық келбетіне жоғары талаптар қояды.

5. Қоғам басшылығы қызметкерлер кәсіби қызметінде ҚР және Қоғамның дамуы үшін бар күштерін, білімін және тәжірибесін салады деп сенім білдіреді.

3. Мақсаты

6. Кодекстің мақсаты - корпоративтік мәдениетті дамытуға және адалдық пен ынтымақтастық ахуалын қалыптастыруға ықпал ететін мінез-құлықтың жалпы қағидаттары мен ережелерін белгілеу.

7. Кодекс Қоғам қызметкерлері мінез-құлықтарының негізгі стандарттарын орнатады.

8. Кодекс ҚР қолданыстағы заңнамаларына және Қоғамның корпоративтік басқару Кодексі талаптарына негізделіп әзірленген.

4. Қолдану саласы

9. Осы Кодекс бүкіл қоғамға таралады және оның әрбір қызметкерімен пайдаланылады.

5. Нормативтік сілтемелер

11. Бұл Кодексте төмендегідей нормативтік-құқықтық құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

- 1) ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы;
- 2) Қоғам жарғысы;
- 3) Қоғамның корпоративтік басқару Кодексі, жалғыз акционер шешімімен бекітілген (29.08.2011ж. №54 бұйрық).

6. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

12. Бұл Кодексте төмендегідей терминдер, анықтамалар, белгілеулер және қысқартулар қолданылған:

- 1) Қоғам- «Ертіс» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы;
- 2) Кодекс- «Ертіс» ӘКК» АҚ іскерлік этика Кодексі;
- 3) Іскерлік этика – Қоғам және оның қызметкерлері өз қызметінде пайдаланатын этикалық принциптер мен іскерлік қарым-қатынас жиынтығы;

4) Имидж- серіктестер мен жұртшылықтың қоғамның беделі туралы тұрақты көрінісі, жұмыс сапасы мен беделі туралы;

5) Бедел- Қоғам қызметі, артықшылықтары, кемшіліктері сапасы туралы қоғамда қалыптасқан көзқарас;

6) Қақтығыс- сәйкес келмейтін қарама қайшы мақсаттары немесе осы мақсаттарға жету жолдары бар адамдардың өзара әрекеттесуі;

7) Мүдделер қақтығысы - қызметкердің жеке қызығушылығы оның лауазымдық міндеттерін бейтарап орындауға әсер етуі мүмкін жағдай;

8) Жалғыз акционер – ШҚО кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы;

9) Лауазымды тұлға - бас директор, оның орынбасарлары және басқарушы директор;

10) Қызметкер – Қоғаммен еңбек қатынастарындағы және еңбек шарты бойынша жұмысты орындайтын адам.

7. Жауапкершілік

13. Әр қызметкер өз тәртібі аясында этикалық нормалардың сақталуына жауап береді. Осы Кодекс нормаларын сақтау Қоғамның барлық қызметкерлеріне міндетті болып табылады. Осы Кодекс нормаларын бұзу заңға сәйкес жауапкершілік қарастырылған.

14. Осы Кодекс талаптарын сақтау шарттары Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулығына енгізіледі.

16. Өзіне қабылдаған міндеттемелер үшін жауапкершілік Қоғамның барлық лауазымды тұлғаларына және қызметкерлеріне таралады.

8. Кодекстің құндылықтары мен принциптері

17. Қоғам қызметінің негізі болып табылатын негізгі корпоративтік құндылық – әдептілік, сенімділік және кәсіби біліктілік;

18. Қоғам іскерлік этиканың келесі принциптерін басшылыққа алады:

- адалдық;
- әділдік;
- адалдық;
- ашықтық;
- жауаптылық;
- құрмет;
- сенімділік;
- ынтымақтастық.

Бұл құндылықтар Қоғам қызметкерлерінің әріптестерімен, серіктестермен, мемлекеттік органдармен қарым-қатынаста мінез-құлықтарын анықтайды.

Қоғам мүдделі тұлғалар жоғарыда көрсетілген іскерлік этика принциптерін ұстанады деп үміттенеді.

19. Қоғам өз қызметінде:

- 1) ҚР заңнамаларын және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын сақтайды;
- 2) адам құқықтары құрметтейді және сақтайды;
- 3) әділ және шынайы қимылдайды, пара, сыйлықтар алуды қабылдамайды;
- 4) қызметкерлерге әділ, құрметпен қарайды;
- 5) мүдделі тұлғалармен қарым-қатынас өзара тиімді болуға ұмтылады;
- 6) қоршаған ортаға құрметпен және ұқыпты қарайды.

20. Қоғамның этикалық нормалары келесідей іскерлік қатынастарды реттейді: Қоғамның қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының қатынасы, мемлекеттік органдармен, еншілес ұйымдармен, іскер серіктестермен және т.б. тұлғалармен.

9. Іскерлік қарым-қатынастың этикалық нормалары

9.1. Қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар:

21. Қоғам мүдделер қақтығысынан тыс кез-келген лауазымды тұлға мен қызметкердің қабылдаған шешіміне жауапты.

22. Жұмысқа қабылдауда Қоғам ешқандай кемсітушілікке жол бермейді. Кадрларды таңдау мен жоғарылату тек білімі мен қабілетіне негізделеді.

23. Қоғамның сыйақы саласындағы саясаты қызметкердің білімі мен қабілетіне, еңбек нәтижесіне және көрсеткіштеріне негізделеді.

24. Қоғам өз қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыруда барлығына бірдей шарт қояды және мүмкіндік береді.

25. Қоғам кейбір лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге жеке артықшылықтар беруге жол бермейді

26. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өздеріне жүктелген кәсіби міндеттерді адал ниетпен атқаруға міндеттеме алады.

27. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері мүдделер қақтығысына жол бермейді.

28. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері жұмысқа көзқарасында ұжымда тұрақты және позитивті жағдай қалыптастыруға ұмтылады.

29. Қоғамның лауазымды тұлғалары шешім қабылдауда ашықтық пен сәйкестік принципін негізге алады.

30. Қоғамның қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары қабылдауға құқығы жоқ: қызмет атқару барысында сыйақы алуға;

қызмет атқару барысында сыйлықтар алуға.

31. Қоғам қызметінің сұрақтары бойынша жария сөздер Басқарма Төрағасымен немесе уәкілетті тұлғамен жүзеге асырылады.

32. Қоғамның жауапты қызметкеріне қатысты негізсіз жарияланған айыптау сөздер орын алған жағдайда, ол сәйкесінше осы айыптауды теріске шығару бойынша ақпарат жариялауы тиіс, сонымен қатар Кодекстің 33 тармағын сақтау әрбір қызметкер мен лауазымды тұлғаның міндеті болып табылады.

34. Қоғамның қызметкерлер мен лауазымды тұлғалары ұстану қажет:

1) Қоғам саясатына адал болу және оны дәйекті түрде жүзеге асыруға, жұмыс барысында Қоғамның беделін түсіретін әрекеттерге жол бермеу;

2) заңдылық принциптерін, Қоғамның ішкі құжаттарын сақтауға;

3) еңбек тәртібін мүлтіксіз сақтауға;

4) жоғары кәсіби жұмыс атқаруға күш салуға;

5) Қоғам мүддесіне зиян келетін әрекеттерді болдырмау;

6) коммерциялық құпияны сақтауға және қызметтік ақпаратты бас пайдасына пайдалануды болдырмау;

7) қызмет барысында жеке және заңды тұлғалардан сыйлықтар алмауға;

8) қызметте және тәртіппен Қоғамда тұрақты оң моралды-психологиялық климат қалыптасуына әрекет ету;

9) кадрларды таңдауды және орналастыруда жершілдік және жеке адалдық принциптерін болдырмау;

10) Қоғамның басқа қызметкерлері тарапынан іскерлік этика нормаларын бұзуға жол бермеу;

11) қызметтік міндеттерді атқару барысында киім киюде іскерлік стильді ұстану;

12) іскерлік этикетті ұстану, ресми қабылдау ережелерін құрметтеу.

35. Қарамағында қызметкерлер бар басшылар ұстануы қажет:

1) бағынышты қызметкерлерге берілетін тапсырмаларды атқаратын лауазымына сәйкес дәл бөлу;

2) бағынышты қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптау, дәрекілік, кемсіту деректерін болдырмау;

3) бағынышты қызметкерлерді жалпы қабылданған моралды этикалық талаптарға сай емес әрекеттер жасауға итермелеуді болдырмау;

9.1. Жалғыз акционер:

1) Жалғыз акционердің көзқарасы Қоғам дамуының стратегиялық өзегі болып табылады;

2) Жалғыз акционермен қарым-қатынас жүйесі ашықтық, есеп беру және жауаптылық принциптері негізде жүзеге асырылады;

3) Қоғам мен жалғыз акционер арасында ақпарат алмасу заңмен, Жарғымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен реттеледі.

9.2. Мемлекеттік органдар:

1) Қоғам мен мемлекеттік органдар арасында қарым-қатынас ҚР заңнамаларымен, Жарғымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен реттеледі;

2) Қоғам өз тарапынан және мемлекеттік органдар тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау үшін күш салады.

9.3. Еншілес ұйымдар:

1) Қоғам мен еншілес ұйымдар арасында қарым-қатынас ҚР заңнамаларымен, Жарғымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен, сонымен қатар еншілес ұйымдардың жарғысымен реттеледі.

9.4. Іскер әріптестер:

1) Қоғам іскер әріптестермен өзара пайда, ашықтық принциптері негізінде қарым-қатынас орнатады және шарттарға сай толық жауаптылықты өзіне алады;

2) Қоғам іскер әріптестермен жасалған шарттар бойынша міндеттемелерді толықтай орындайды;

3) Қоғам тауарлар, жұмыстар және қызметтерді жеткізушілерді таңдауда ең аз баға, жақсы сапа, беделі бар жеткізушілерді таңдайды;

4) Қоғам өз қызметінде жекелеген іскер әріптестерге негізсіз жеңілдіктер мен артықшылықтар беруге жол бермейді.

9.5. Қоғам (жұртшылық):

- 1) Қоғам қоғамдық, өкіметтік емес және басқа ұйымдармен конструктивті байланыс орнатуға ұмтылады;
- 2) Қоғам әлеуметтік маңызды сұрақтарды шешуде оң әсер жасауға ұмтылады;
- 3) Қоғам өзін қоғамдық қауымның ажырамас бөлігі деп таниды;
- 4) Қоғам аңа жұмыс орындарын жасауға ұмтылады және қызметкерлердің кәсіби біліктіліктерін арттырады;
- 5) Қоғам беделі күмән тудыратын жеке және заңды тұлғалармен байланыс жасаудан бас барту міндеттемесін алады.

10. Процесті бақылау

40. Кодекс талаптарын сақтау процесін бақылауды жүзеге асырады:

1) Басқарма Төрағасы, оның орынбасарлары немесе кадр жұмысына жетекшілік ететін басқарушы директор:

- ақпаратты талдау кезеңінде: Қоғам қызметкерлерімен Кодекс талаптарын сақтау бойынша шешім қабылдау. Бақылау жүргізуді растайтын құжат болып бекітілетін, келісілетін құжаттардағы жазбалар табылады.

2) Құрылымдық бөлімше басшылары:

- бағынышты қызметкерлердің лауазымдарына байланысты тапсырмаларды анықтау кезеңінде.

3) Кадрлық жұмыс:

- құрылымдық бөлімше басшыларынан лауазымдық нұсқаулықтарды сұрату кезеңінде және мәліметтер базасын қалыптастыру.

11. Өзгерістер енгізу

41. Осы Кодекс Қоғамның директорлар кеңесімен бекітілген кезден бастап қолданысқа енгізіледі.

42. Осы Кодекске өзгертулер мен толықтырулар енгізу заңға сәйкес және Қоғамның директорлар кеңесі шешімі негізінде жүзеге асырылады.

43. Осы Кодекске өзгертулер мен толықтырулар енгізуде жауапкершілік кадр сұрақтарына жауапты құрылымдық бөлімше директорына жүктеледі.

12. Кодексті тарату

45. Осы Кодекстің есептелген жұмыс көшірмелері және оған енгізілген өзгерістердің барлық құрылымдық бөлімшелер директорларына таратылады.

«Ертіс» ӘКК» АҚ іскерлік этика Кодексіне төмендегідей өзгерту мен толықтыру енгізілсін:

19 тармақтың 3 тармақшасына келесі редакцияда баяндалсын «Қоғам өз қызметі барысында әділ және адал болады, пара алу және соған ұқсас іскерлік тәжірибені қабылдамайды, сонымен қатар сыйлықтарды беру және алу тәжірибесін алып тастайды».

30 тармақ келесі редакцияда баяндалсын «Қоғамның қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары қызметтік міндеттерін орындау барысында сыйлықтар немесе басқа қызмет көрсетулер алуға құқысы жоқ».

34 тармақтың 13 тармақшасына толықтырылсын «Қоғамның қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеу қабылдайды».